

**Қазақстан Республикасы сот оқуының
2012-2016 жылдарға арналған
стратегиясы**

Астана, 2012

Мазмұны

| | |
|--|----|
| Кіріспе..... | 3 |
| 1. Сот оқуының жай-күйін талдау..... | 4 |
| 2. Стратегияның мақсаты, міндеттері және принциптері | 5 |
| 3. Стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелер | 6 |
| 4. Стратегияны қаржыландырудың негізгі көздері | 6 |
| 5. Стратегияны іске асыру механизмі..... | 7 |
| 6. Стратегияны іске асыру жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары | 7 |
| 6.1. Заңгер кадрларды, оның ішінде сот жүйесі үшін жоғары білікті және кәсіби кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық | 7 |
| 6.2. Сот төрелігі институтында (мамандандырылған магистратурада) сот жүйесі үшін кадрларды даярлау | 8 |
| 6.3. Жоғарғы Соттың судьялар мен сот жүйесі қызметкерлеріне арналған оқыту іс-шаралары | 11 |
| 6.4. Облыстық соттардың оқу орталықтарының оқыту іс-шаралары | 12 |
| 6.5. Қазақстан Республикасы Судьялар одағының оқыту іс-шаралары | 13 |
| Қорытынды..... | 13 |

Кіріспе

Судьялардың және сот қызметкерлерінің кәсіби дамуы Қазақстан Республикасының сот жүйесін жетілдірудің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Кәсіби оқудың, оның ішінде сот оқуының маңызы бағдарламалық сипаттағы бірқатар мемлекеттік құжаттарда құқықтық саясаттың маңызды буыны және оны іске асыру механизмі ретінде аталып көрсетіледі. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейін кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында патриоттық бағыттағы және қоғам және мемлекеттің мүддесін, адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын қорғауға бағытталған жаңа сипаттағы заңгер кадрларды даярлау елдің индустриалдық-инновациялық дамуын қамтамасыз етудің, оның интеллектуалдық әлеуетін арттырудың аса маңызды шарттарының бірі ретінде дараланып көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын іске асыру шеңберінде жоғары мамандандырылған мемлекеттік қызметшілерді даярлау жөніндегі базалық оқу орталығы ретінде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының (бұдан әрі – Мемлекеттік басқару академиясы) рөлі мен мәртебесін күшейту жоспарланып отыр.

Сот жүйесі үшін кадрларды даярлау саласындағы кәсіби оқуды одан әрі жетілдіру, судьялардың біліктілігін арттыру бойынша жүйелі шараларды қабылдау республикада заңгерлік кадрларды даярлауды жетілдірудің жалпы міндеттерінен туындайды.

Қазақстан Республикасы сот оқуының 2012-2016 жылдарға арналған стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) сот оқуы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың ұйымдастырушылық негізі болуға тиіс. Осы бағдарламалық құжаттың негізгі мақсаты сот жүйесі органдарын кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқуды, оның ішінде қосымша оқуды (судьялардың және сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды) дамытудың және оның қолданылуының тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу болып табылады.

Стратегия сот оқуы саласындағы саясаттың ұйымдастырушылық негізі ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – Жоғарғы Сот), Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Сот төрелігі институтының (бұдан әрі – Сот төрелігі институты), Қазақстан Республикасы Судьялар одағының (бұдан әрі – Судьялар одағы) және жоғары оқу орындарының судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің оқуын ұйымдастыру және оларды оқу іс-шараларымен қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара әрекеттесу іс-шараларының кешені болып табылады.

1. Сот оқуының жай-күйін талдау

Үздіксіз сот оқуы жүйесі тұрақты негізде жүзеге асырылады, бұл сот төрелігін жүзеге асыруға оң әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасында сот оқуы екі бағытта жүзеге асырылады:

- 1) сот жүйесі үшін кадрларды даярлау;
- 2) жұмыс істеп жүрген судьялардың және сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

Сот оқуы саласындағы мамандандырылған орган Сот төрелігі институты болып табылады, ол өзінің білім беру қызметін екі бағыт бойынша жүзеге асырады:

- 1) «Заңтану» мамандығы бойынша магистрлерді жұмыстан қол үздіріп екі жылдық бағдарлама бойынша оқыту және дайындау;
- 2) судьялардың және сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

Судьялардың мамандануына сәйкес судьялардың біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылады. Әрбір судья бес жылда бір рет Сот төрелігі институтында біліктілігін арттыру курстарында оқиды.

Сот төрелігі институтымен қатар судьялардың біліктілігін арттыруды облыстық және оған теңестірілген соттардың оқу орталықтары (бұдан әрі – облыстық соттардың оқу орталықтары) күнтізбелік жылға арналған судьяларды оқыту жоспарына және сот оқуы жөніндегі ведомстволық актілерге сәйкес қамтамасыз етеді. Облыстық соттардың оқу орталықтарын оқу бағдарламаларын үйлестірушілер басқарады, олар оқыту іс-шараларын ұйымдастыру үшін жауапты болып табылады. Оқыту іс-шараларын әзірлеу кезінде ұйымдастырушылар судьялардың пікірлері мен оқуға деген қажеттілікті барынша есепке алуға мүмкіндік беретін социологиялық әдістер мен амалдарды пайдаланады.

Судьялардың кәсіби біліктілігінің деңгейін арттыру мақсатында соттар қызметінің практикасы ескеріліп, судьялардың жоғары тұрған соттарда тағылымдамадан өтуі ұйымдастырылған.

2009-2011 жылдарға арналған Сот оқуы стратегиясын іске асыру шеңберінде судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің ішкі шарттары мен қажеттіліктеріне сай келетін қашықтықтан оқыту технологиясы нысаны сот оқуы жүйесіне енгізілген.

Судьялардың біліктілігін арттыру тәлімгерлік пен менторлықтың міндетті және қосымша бағдарламалары институттары арқылы қамтамасыз етіледі.

Аталған рәсімдер мен механизмдер арқылы барлық сот оқуын ұйымдастырушылардың қызметі оңтайландырылады, бұл оқу іс-шараларын жүйелі әрі нәтижелі жүргізуге мүмкіндік береді.

2. Стратегияның мақсаты, міндеттері және принциптері

Стратегияның мақсаты жұмыстың жетілдірілген нысандары мен әдістерін әзірлеу және басым міндеттерді белгілеу арқылы кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың сапасын арттыру болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

- сот жүйесіне жоғары білікті және кәсіби кадрларды даярлайтын жетекші заң жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жасау;
- Сот төрелігі институтында сот жүйесі үшін кадрларды кәсіби даярлаудың деңгейін арттыру;
- оқу іс-шараларын әзірлеу және мансаптық өсудің барлық сатыларында судьялардың қолдануы үшін оларды бейімдеу;
- судьялардың және сот жүйесі қызметкерлерінің жұмыс стажы мен оқу қажеттіліктерін ескеріп, олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын жетілдіру;
- оқып-үйренушілердің арасында сот оқуының және тұтастай алғанда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың ажырымас бөлігі ретінде өздігінен білім алудың түрлі нысандарын қолдау;
- оқу бағдарламаларында практикалық бағытты кеңейту, оның ішінде процессуалдық құжаттарды дайындауда практикалық дағдыларды қалыптастырып, жетілдіру;
- білім алудың тиімді әдісі ретінде қашықтықтан оқыту технологиясының курстарын кеңейту және жетілдіру;
- судьялардың бойында сот процесін жүргізудің практикалық дағдылары мен мәдениетін қалыптастырып, жетілдіру;
- оқу іс-шараларына, оның ішінде ақпараттық-дидактикалық материалдарға және дерекқорларға әрбір оқып-үйренушінің қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- республикалық және өңірлік деңгейдегі үздіксіз сот оқуын іске асыруға кәсіби білім беру қауымдастықтарының қатысуы;
- сот оқуы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
- судьяларды және сот жүйесі қызметкерлерін кәсіби даярлау және олардың біліктілігін арттыру курстары үшін жағдай жасау негізгі міндеттер болып табылады.

Мыналар:

- оқу процесінің үздіксіздігі;
- оқудың барлық нысандарына өтеусіз негізде қол жеткізу;
- оқудың барлық нысандарына қатысудың еріктілігі;
- сот оқуының заң ғылымымен және құқық қолдану практикасымен бірігуі;
- азаматтық, қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізу саласында маманданатын судьяларды оқыту процесін қалыптастыру кезіндегі сараланған әдіс Стратегияның негізгі принциптері болып табылады.

3. Стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Стратегияның барлық бағыттарын іске асыру Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту және жетілдіру қажеттілігіне сай келетін үздіксіз сот оқуының тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Стратегияны іске асыру барысында:

- сот оқуының бағдарламаларын, оқу жоспарларын және оқыту әдістемелерін жаңғырту;
- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлеріне арналған қашықтықтан оқыту технологияларын кеңейту;
- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің қажеттіліктеріне сәйкес қол жетімділікті қамтамасыз ете отырып, заңнаманы және сот практикасын талдау негізінде оқу құралдарын, дәрістер курстарын дайындау;
- оқу іс-шаралары бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, судьяларды және сот жүйесі қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша дүние жүзінің жетекші орталықтарының тәжірибесін зерделеу, сот оқуы саласындағы озат жетістіктер мен оң тәжірибені енгізу күтіледі.

Стратегияны іске асыру сот төрелігін жүзеге асыру сапасына, азаматтардың сот арқылы қорғауына кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз етуге, сот жүйесінің имиджін жақсартуға оң әсерін тигізеді.

Үздіксіз сот оқуы үшін жағдай жасау:

- соттар жұмысының тиімділігін арттыруға;
- сот процестерін жүргізу мәдениетін арттыруға;
- азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сот арқылы қорғалуын неғұрлым толық қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық және өзге де жағдайларды жасауға;
- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін уақытында даярлауды және оларды теориялық біліммен және практикалық дағдылармен қамтамасыз етуге;
- сот төрелігіне байланысты даулы теориялық және практикалық мәселелерді зерттеуге бағытталған ғылыми әлеуетті құруға ықпал етеді.

4. Стратегияны қаржыландырудың негізгі көздері

Стратегияны қаржыландырудың негізгі көздері:

- республикалық бюджет;
- сот оқуы мәселелері жөніндегі үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен жобалар;
- байланысты емес гранттар қаражаты болып табылады.

Т.М. Аманжол

5. Стратегияны іске асыру механизмі

Стратегияны іске асыруды сот оқуын ұйымдастырушылар тиімді бақылау бағдарламалары және жүйесі арқылы жүзеге асырады. Сот оқуын ұйымдастырушылар:

- жоғары оқу орындары;
- Сот төрелігі институты;
- Жоғарғы Сот;
- облыстық соттардың оқу орталықтары;
- Судьялар одағы болып табылады.

Стратегияны іске асыру Сот оқуы жөніндегі үйлестіру кеңесіне жүктеледі, оның негізгі функциялары:

- сот оқуын ұйымдастырушылардың Стратегияны олардың қызметінің негізгі бағыттары бойынша іске асыру туралы жыл сайынғы есебін тыңдау;
- сот оқуын ұйымдастырушылардың оқу іс-шараларының, оқу жоспарларының тиімділігін талдау және бағалау;
- коммерциялық емес және халықаралық ұйымдар ұсынатын іс-шараларды қоса алғанда, сот оқуы жүйесіне және судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін сыртқы қорды тарту;
- Стратегияны іске асыруды бағалау;
- судьяларды және сот жүйесі қызметкерлерін оқыту және олардың біліктілігін арттыру бойынша күтілетін нәтижелерді айқындау;
- Стратегияны іске асыру шарттарын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу және сот жүйесін одан әрі жетілдіру процестеріне байланысты тиісті түзетулерді енгізу болып табылады.

Стратегияны іске асыруды ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) (бұдан әрі – Департамент) мен облыстық соттардың кеңселері жүзеге асырады.

Сот оқуын ұйымдастырушылар күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша Стратегияны сот оқуының нақты бағыттары бойынша іске асыру туралы Үйлестіру кеңесіне есеп пен күтілетін нәтижелерді көрсетіп, алдағы күнтізбелік немесе оқу жылына ұсыныстар береді.

6. Стратегияны іске асыру жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары

6.1. Заңгер кадрларды, оның ішінде сот жүйесі үшін жоғары білікті және кәсіби кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық

Заңгер кадрларды, оның ішінде сот жүйесі үшін кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық:

1) «Құқықтану» мамандығы бойынша мамандарды даярлаудың барлық деңгейлері (бакалавриат, магистратура, PhD докторантурасы) бойынша

Т. М. А. М.

модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде сот жүйесі өкілдерінің пікірлері мен ұсыныстарын есепке алуды қамтамасыз етуді;

2) 12 жылдық білім беру моделіне көшу шеңберінде жалпы білім беретін пәндердің кредиттерін азайту есебінен кәсіптік пәндер кредиттерінің көлемін ұлғайтуды (*келісім бойынша*);

3) білім алушылардың болашақ судья, адвокат және прокурор ретінде көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту мақсатында жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына «Сот риторикасы», «Шешендік шеберлігі» сияқты және басқа да элективті пәндерді енгізуді;

4) құқық саласының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерге, шарттарға құқықтық сараптама жасауға қатысуға оқып-үйренушілерді тартуды (*жоғары оқу орындарымен келісім бойынша*);

5) заңтану саласындағы озат шетелдік тәжірибені зерделеу мақсатында заң мамандығы бойынша білім алушыларға академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу үшін жағдай жасауды;

6) курстық және дипломдық жұмыстарды жазу кезінде ғылыми жетекшілер ретінде сот жүйесі өкілдерін тартуды;

7) біліктілік емтиханын тапсырғаннан кейін заңтану мамандықтарының бітірушілерін міндетті түрде сертификаттауды енгізуді (бұл емтиханды кәсіби заңгер қауымдастықтар қабылдауға тиіс) (*келісім бойынша*) көздейді.

6.2. Сот төрелігі институтында сот жүйесі үшін кадрларды даярлау

Сот төрелігі институты сот оқуының ұйымдастырушы ретінде өзінің оқыту қызметін мамандандырылған магистратурада магистрлерді даярлау және оқыту, судьялардың және сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша екі бағытта жүзеге асырады.

Мамандандырылған магистратурада магистрлерді даярлау және оқыту

Сот төрелігі институтының мамандандырылған магистратура бағдарламасы бойынша мамандарды тиісті кәсіби даярлауды қамтамасыз ету, болашақ судьялардың зерттеушілік және практикалық дағдыларын дамыту:

1) оқу жоспарларын Жоғарғы Сотпен келісуді және оқу процесін ұйымдастыру бойынша бірлескен ұсынымдарды әзірлеуді;

2) Сот төрелігі институтының кафедраларында оқу-әдістемелік кешендерді, силлабустарды қалыптастыруды;

3) Мемелкеттік басқару академиясында белгіленген талаптарға сай келетін профессорлар-оқытушылар құрамын қалыптастыруды;

4) Жоғарғы Сот судьялары мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттарының қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты аппаратының) қызметкерлерін лекторлар ретінде, сондай-ақ оқу-әдістемелік кешендерін құрып,

магистранттар үшін оқытылатын пән бойынша практикалық сабақтарды өткізу үшін қатыстыруды;

5) Мемлекеттік басқару академиясының жарияланымдар жоспарына сәйкес магистранттар үшін ғылыми, оқу, оқу-әдістемелік және өзге де әдебиетті басып шығаруды;

6) Қазақстанның, алыс және жақын шетел мемлекеттерінің құқықтық ғылыми және білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты кеңейтуді және тереңдетуді (тәжірибемен алмасуды);

7) сот жүйесін дамыту мәселелері бойынша судьялар мен магистранттарды қатыстырып, Жоғарғы Сотпен бірлесіп, халықаралық, республикалық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізуді;

8) интерактивтік оқыту әдістерін пайдалануды, сот актілерінің жобаларын құруды, сот ісін жүргізу принциптерін, процесті жүргізудің құқықтық мәдениетін сақтай отырып, ойын сот процестерін өткізуді;

9) сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерге магистранттар мен оқытушыларды тартуды;

10) білім алу процесі ретінде қашықтықтан оқыту технологиясы курстарының оқу бағдарламаларын енгізуді. Осы мақсатта Сот төрелігі институтына:

- қашықтықтан оқыту технологияларын меңгерген мамандарды оқытуға тарта отырып, білім алу процесі ретінде қашықтықтан оқыту курстарын зерделеу;

- судьялардың өздігінен білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша курстарды әзірлеу;

- қашықтықтан оқыту технологияларын дамыту, оның ішінде Интернетті, жабық теле-жүйені, кабельдік хабар тарату мен жерсерік байланысын қоса алғанда, техникалық құралдар арқылы дамыту;

- ұдайы жаңартылып отыратын құқықтық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;

- дыбыс- және бейнеконференция арқылы қашықтықтан оқыту технологиясын дамытуды жүзеге асыру қажет;

11) оқуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген магистранттарды жоғары тұрған соттарға, сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарына тағылымдамадан өту үшін жіберу арқылы ынталандыру жүйесін дамытуды;

12) Жоғары Соттың, облыстық соттардың судьяларын магистрлік диссертациялардың ғылыми жетекшілері мен сыртқы рецензенттер ретінде қатыстыруды;

13) магистранттарды кіру кезінде, аралық және шығу кезінде тестілеу арқылы оқыту сапасына мониторинг жүйесін енгізуді;

14) Қазақстан Республикасының Жоғары Соты мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігін ақпараттандыру мақсатында мамандандырылған магистратураны бітірушілердің жұмысқа орналасуы жөнінде мониторинг жүргізуді;

15) жоғары оқу орындарымен және адвокаттар қауымдастықтарымен ынтымақтастықта заң клиникалары тұжырымдамаларын дамытуды;

Томас А. М.

16) сот төрелігін жүзеге асыру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер кешені мен әзірлемелерді орындау, инновациялық жобалар мен іс-шараларды іске асыруды көздейді.

Судьялардың және сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі оқу іс-шаралары

Сот төрелігі институтында судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша оқу бағдарламаларына мынадай іс-шаралар кіреді:

- оқу қажеттіліктерін зерделеу негізінде Сот төрелігі институты әзірлеген және Жоғарғы Сотпен келісілген жоспар-кестеге және оқу жоспарына сәйкес кемінде бес жылда бір рет судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін екі апталық біліктілікті арттыру курстарында оқыту;

- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ұдайы жетілдіру, оқу процесіне интерактивті әдістерді, нысандарды және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу;

- судьялардың мамандануын есепке ала отырып, оларға арналған оқу іс-шараларын кеңейту;

- психология, сот риторикасы және шешендік шеберлік бойынша практикалық семинарларды, тренингтерді өткізу арқылы судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің бойында кәсіби және практикалық дағдыларды дамыту;

- сот жүйесі қызметкерлеріне, оның ішінде мамандануы ескеріліп, сот отырысы хатшыларына арналған оқу іс-шараларын кеңейту;

- тыңдаушылардың судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында оқу нәтижелеріне қанағаттануы дәрежесінің мониторингі;

- сот төрелігін жүзеге асыру, процессуалдық құжаттарды әзірлеу және соттардың жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша судьялар мен сот жүйесі қызметкерлеріне көмек ретінде әдістемелік құралдарды әзірлеу және басып шығару;

- халықаралық стандарттарға сәйкес сот оқуын дамытудың өзекті мәселелерін зерттеу, оларды шешу бойынша қабылданып отырған шаралардың тиімділігін талдау және болжау;

- Стратегияның негізгі бағыттарының іске асырылуы туралы есепті Жоғарғы Сотқа ұсыну;

- сот оқуын жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетел мемлекеттерінің оқу және ғылыми мекемелерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық;

- сот жүйесі қызметін, сот оқуын жетілдіруге бағытталған бірлескен іс-шараларды өткізу шеңберінде Жоғарғы Сотпен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты одан әрі нығайту;

Т.М.С. А.С.М.

- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары тыңдаушыларының білімін қорытынды бақылау нысандарын жетілдіру;

- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын бітірген тыңдаушыларға белгіленген үлгідегі сертификаттарды тапсыру.

6.3. Жоғарғы Соттың судьялар мен сот жүйесі қызметкерлеріне арналған оқу іс-шаралары

Судьялар мен сот жүйесінің қызметкерлері Жоғарғы Соттың оқу іс-шараларына қатысып, өздерінің біліктілігін арттырады.

Жоғарғы Сот Қазақстан Республикасында сот оқуы институтын қалыптастыру және дамыту процесінде негізгі рөлді атқаратын болады. Жоғарғы Сот өз құзыретінің шеңберінде білім беру институттарын, мекемелерін тарта алады, сондай-ақ басқа да ұйымдармен сот жүйесін, оның ішінде сот оқуын жетілдіру бойынша бірлескен жобаларға қатыса алады.

Жоғарғы Сот:

- Сот төрелігі институтында судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың жыл сайынғы оқу жоспарын келісуді жүзеге асырады;

- біліктілікті арттыру курстарының оқу жоспары бойынша оқытуға арналған тәртіптемені белгілейді және судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің тізімін жасайды;

- облыстық соттардың оқу орталықтарының қызметін үйлестіреді;

- облыстық соттардың оқу орталықтарының оқу іс-шараларының тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;

- қашықтықтан оқыту технологиясын және оқытудың басқа да жаңа түрлерін енгізуді ұйымдастырады және оларға қатысады;

- істердің жекелеген санаттарын қарау бойынша практикалық және әдістемелік құралдарды әзірлеуді және басып шығаруды ұйымдастырады;

- сот төрелігін жүргізу, оның ішінде сот оқуы мәселелері бойынша ғылыми-практикалық іс-шараларды (семинарларды, конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, тренингтерді) ұйымдастырады;

- сот оқуының мәселелері бойынша басқа да мекемелермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Жоғарғы Соттың оқыту іс-шаралары қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы сот істерінің өзекті санаттары бойынша конференциялар, дөңгелек үстелдер, тақырыптық семинарлар, дәрістер өткізу және судьялардың, сот жүйесі қызметкерлерінің тағылымдамаларын өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарғы Соттың оқыту іс-шаралары:

- сот төрелігін әділетті, айқын және тиімді жүзеге асыру үшін сот жүйесінің институционалдық тәуелсіздігін арттыруға;

- сот актілерінің сапасын арттыруға;

Т.Т.Т.Т.Т.

- сот практикасын біріздендіруге;
- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлеріне бағытталған тиімді ғылыми-практикалық және басқа да іс-шаралар өткізуге;
- кәсіби оқу бағдарламаларын дараландыруға;
- азаматтық қоғаммен және бизнес-құрылымдармен диалогты дамытуға;
- жергілікті деңгейде қолжетімді білім беру және оқу ресурстарын ұлғайту арқылы сот жүйесі шеңберінде оқу мәдениетін ынталандыруға;
- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін оқыту іс-шаралары, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша әдістемелік және өзге де әдебиетпен қамтамасыз етуге;
- сот жүйесіне қоғамдық сенімді арттыруға;
- оқыту іс-шараларын өткізуге белсене қатысатын судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін ынталандыруға бағытталған.

6.4. Облыстық соттардың оқу орталықтарының оқыту іс-шаралары

Облыстық соттардың оқу орталықтарының оқыту іс-шараларына:

- судьялардың оқу қажеттілігін жыл сайын талдау;
- Стратегияны іске асыру жөніндегі жоспарларды әзірлеу;
- судьялардың оқу қажеттілігін, сот практикасын, сондай-ақ сот жұмысының көрсеткіштерін талдауды есепке ала отырып, семинарларды, дөңгелек үстелдерді және тренингтерді ұйымдастыру және өткізу;
- өздігінен оқу, жеке жоспар жасау мәселелерінде судьяларға тұрақты негізде көмек көрсету және тақырыптар бойынша тиісті материал беру;
- судьяның жұмысын салыстырмалы талдау арқылы оқу іс-шаралары тиімділігі жөнінде мониторинг жүргізу;
- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің оқу іс-шараларына, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларына қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- оқу іс-шараларын тиімді меңгеруге және іске асыруға ықпал ететін оқу-әдістемелік материалдармен (қағаз және электронды нұсқаларда) оқып-үйренушілерді қамтамасыз ету;
- судьяларға жоғары тұрған соттарда кемінде үш жылда бір рет, ұзақтығы екі аптадан кем болмайтын тағылымдама ұйымдастыру және өткізу;
- сот төрелігін жүзеге асыру кезінде қиындықтар туындайтын мәселелерді талдау және тағылымдама бағдарламасына енгізу;
- судьяның тағылымдамаға дейінгі және тағылымдамадан кейінгі кезеңдегі жұмысын салыстырмалы талдау арқылы, оның нәтижелерін жыл қортындылары бойынша кеңестерде талқылап, тағылымдамалардың нәтижелілігі жөнінде мониторинг жүргізу;
- судьялардың тәлімгерді қажет етуіне талдау жүргізіп, сондай-ақ алғаш рет судья болып тағайындалған судьялар үшін міндетті түрде тәлімгерлікті ұйымдастырып, тәлімгерлік институтының қызметін үйлестіру;

Т.Т.Т. А.А.А.

- жұмыс нәтижелерін талдап, тәлімгер мен жас судьяның есебі арқылы тәлімгерлік бағдарламасының тиімділігін бағалау кіреді.

6.5. Қазақстан Республикасы Судьялар одағының оқыту іс-шаралары

Судьялар одағының оқу іс-шараларын іске асыруды жергілікті жерлерде Судьялар одағының филиалдары облыстық соттардың оқу орталықтары ұсынымдарының негізінде, олардың жыл сайын жүргізетін судьялардың оқуға деген қажеттілігін анықтауы бойынша талдауларын ескере отырып, жүзеге асырады. Облыстық соттардың оқу орталықтары басқа да оқыту бағдарламаларын жүзеге асырған кезде Судьялар одағының филиалдары ұйымдастыру тұрғысынан көмек көрсетеді.

Оқыту іс-шаралары конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер, судьялар менторлығын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Судьялық тәлімгерлік – бұл тәжірибелі судья мен судьялық жұмыс стажы шамалы судья арасындағы қатынастарды реттейтін қосымша бағдарлама. Судьялық тәлімгерлік бағдарламасы:

- тәлімгерлікті жүзеге асырудың мақсаттары, міндеттері және принциптері туралы бағдарламаның әлеуетті қатысушыларына хабарлап, оларға арналған бағдарлық семинарларды өткізуді;

- жаңа кәсіпке ауысуға, судья мәдениетіне және Судья әдебінің кодексін сақтауға қатысты мәселелер бойынша тәжірибелі судья мен жас судьяның қарым-қатынастарын қолдауға бағытталған өзге де іс-шараларды;

- Судьялар одағы филиалдарының осы бағдарламаның тиімділігі жөнінде мониторингті, оны жетілдіру туралы ұсыныстарды Судьялар одағының Орталық Кеңесіне және облыстық соттардың оқу орталықтарына енгізуді жүргізу арқылы іске асырылады.

Қорытынды

Стратегия көптеген оқу компоненттері мен нысандарын біріктіреді, осыған байланысты оны ойдағыдай іске асыру кезінде сот оқуын ұйымдастырушылардың тиімді жұмысы үшін ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық және өзге де жағдайлар жасалатын болады, сондай-ақ үздіксіз сот оқуы жүйесі сот жүйесіне арналған кадрларды даярлаудың және қайта даярлаудың тұрақты және реттелетін негізіне ауыстырылады, бұл түпкілікті мақсатқа – сот төрелігін жүзеге асырудың сапасын арттыруға жеткізеді.